егемен
Қазақстан

2007-02-14:
ҰЛЫТАУДАҒЫ ҰМТЫЛЫС
Кезінде бұл өңір артта қалған 30 ауданның бірі еді

Ел тарихындағы орны бөлек осынау қасиетті өлкеден облыс жұртшылығына кейінгі кезде жағымды жаңалықтар жиірек естіле бастады. Жалпақ далаға кең созылған, ауыл-ауылдарының арасы күншілік жердей, ұзақ жылдар бойына артта қалған 30 ауданның бірі болып келген алыс өңірдің уақыт көшіне ілесуінде өзге жерлерге қарағанда қиындығы көп болып келсе, әлі де жеңілдей қойған жоқ. Әйткенмен де оны жеңуге бұрынғыдан гөрі жол кең, мүмкіндік мол. Ел күш-қуатының өсуі қиын түкпірдегі Ұлытау баурайында да бұрын-соңды болып көрмеген өзгерістердің өрбуіне ерекше екпін бергені бұл жақта бүгінде бірден байқалар жай.
Ал ол аз емес. Алды киелі таудың шоқтығы құздиып шаншылған ең биік Едіге шыңы мұңартып көзге шалынғанда аңғарылады. Бұған дейін оның етегіндегі аудан орталығы жеткізбей қоюшы еді. Ертедегі кеншілердің көне кенті Басқамырдан аса бұзылатын ойқы-шойқы жол оған іліккенше титықтатып тастайтын. Әрі қарайғы отыз шақырым үш жүз шақырымға ұзарып кеткендей екі-үш сағат уақытты сарп еткізетін. Жазда көлік тулай шайқалып, шаң бұрқырай құмықтырып, қыста ойық-шұңқырларына сірескен қар тіпті қадам аттатпай қалжырататын. Былтырғы күзден бері жол өзгерген. Жүйіткуге сайлы, жанға жайлы.
Жол демекші, бұл аудан алдындағы күрмеуі күрделі болып тұрған мәселе. Соның ішінде Жезқазғаннан бері жетіп, Ұлытау арқылы Арқалыққа қарай әрі асатын жол мүлдем нашар. Жергілікті тұрғындар жаз шыққанша онымен қатынай алмайды. Әсіресе, Торғай жаққа жақын Шеңбер, Терісаққан ауылындағылар қыста екі ортадан да қол үзіп, бұл дүниеден жырақ қалғандай күй кешеді. Аталған жағдай тиісті орындарға көптен мәлім. Ұлытаулықтардың ендігі тезірек шешілуін күткен өзекті жайдың үлкені осы.
Жол сияқты ауыз су мәселесін шешу де қиынға соғып келген болатын. Келген дейтініміз, бүгінде бұл ретте біраз істердің басы қайырылып, ел ішінің таза суға молынан кенелуіне қолдары ұзарып қалды. Мұның алдында біраз жерге нәр көзі жеткізілумен қатар, биыл Жезді, Ақтас кенттеріне, Шеңбер ауылына су құбырлары тартылғалы отыр. Алдағы екі-үш жылда барлық елді мекендердің ауыз сумен қамтамасыз етілуін түбегейлі іске асыру басым бағдарламалардың бірі саналады.
Сырт көзге өзгерістер бірден сезіледі емес пе. Былтырғы көктемнен кейін қыс басында қайта жолымыз түскен біз оны Ұлытаудың өз басынан бір шалсақ, шалғайдағы ауылдар да шырайы кіріп, жұрт тыныс-тіршілігіне жылы леп ескен. Түн түсе түнерген таумен бірге ерте ұйқыға шомғандай қараңғылық құшағына бөленетін аудан орталығының сол бес-алты ай аралығындағы ажары ауыз аштыратындай бола қалыпты. Көшелер кәдімгі қаладағыша самаладай жарқырайды. Мәдениет үйіне жастар топтасып барады. Олар тек дискотека қызықтау емес, спорт залдарында би өнерін үйренуді, күреске, боксқа құмарлықты ұштайтын болыпты.
Әдемі қызыл кірпіштен өріліп салынған мешіт, көркі көңіл тояттарлық балалар бақшасы, нені іздегеннің бәрі табылатын іші-сырты жарқ-жұрқ сауда үйі осы уақытта бой түзеген екен. Қайта жаңартылып, көркейтілген Ұлытаудың қос мақтанышы Баубек Бұлқышев пен Мұқан Иманжановтың ескерткіші еңселене түскендей. Қатар тұрған жалынды қаламгерлер туған жерлерінің түлеуін жарыса жазғысы келгендей айналасына аймалай көз тігіседі.
Сарысу ауылындағы жаңа үлгідегі мектеп ғимараты, Жезді кентіндегі тамаша балалар бақшасы, Амангелді мен Алғабастағы келісті мәдениет ошақтары да дүр жайған өзгерістердің тамыры тереңдеуінің жарқын нышаны. Жасыратыны жоқ, аудан дамуының кенже қалып келуін өзгерместей көруге көндіккендей жұрттың көңіл-күйі кешегідей емес. Серпілген үміт-сенім есені қайтаруға құлшынысты күшейткен құбылыс.
Осы орайда айтып өтпей болмас бір ғажайып жай, аудан аудан болғалы шекарасына белгі қойылмай келгенін қайтерсіз. Мұндай шалағайлықты біліп алған қулар қарманбай қала ма. Иесіздей жер қойнауындағы қазба байлықтарын асап қалу үшін еркінсушілер жан-жақтан жосылып, біраз жылдар бойы ұсақ кен көздерін ешкімнен үркіп-қаймықпастан пайдаланып баққан. Оны да былай қойғанда, оларды кәсіпкерлер ретінде тіркеуге алу аудандағы тиісті орындардың қаперіне де енбеген.
Қазір Ұлытаудың байтақ даласында ойына келгенін іске асыруға құныққып-тайраңдаушылар сап тиылды. Алты облыспен шектесер тұс-тұстан арнаулы белгілер орнатылды. Енді бұрынғыдай жымысқы әрекетпен аттап басуға мұрсат жоқ.
Бұл жалпыға бірдей тәртіптілікті ретке келтірудің көпшілік қолдаған қадамы болса, сондай-ақ аудан аумағында мұнай өндіруші компаниялармен байланысты нығайту да қолға мықтап алынған. Мұның өңір келешегіне маңызы зор. Өйткені, аталған байлық көзін игерушілерден жергілікті қазынаға түсетін қаржы әлеуметтік саланы сауықтыруға көлдей көмек. Мәселен, Қызылорда жақпен қойындасқан Құмкөлдің сұйық маржанын тұтынушыларға жөнелтетін “Петро Қазақстан Құмкөл Ресорсиз” компаниясы аудан бюджетін жылына 156 миллион теңгеге толықтырады. Сондай-ақ, “Қор Мұнай” және “Торғай Петролеум” компанияларының да үлесі қомақты.
Өзара түсіністікке иіту бұлардың аудан мұқтаж-мүддесіне ортақтас болуына бет бұрғызып келеді. “Петро Қазақстан Құмкөл Ресорсиз” тарапынан аудандық коммуналдық шаруашылық мекемесіне

тіркемесімен “КамАЗ” жүк көлігінің тарту етілуі екі жақты ынтымақтастықтың орныға бастауының алғашқы айғағы. Борсеңгір мұнай айдау стансасы бұрын көңілі бөлінбеген осы аттас ауылды қамқорлығына алатын болды. Үшшоқыдан алтын өндіретін “Форпост” ЖШС-і де жанындағы елді мекен мәселесін шешіп отыруға ниет танытты. Ал бұған дейін өз алдарына бір төбе болып келген алпауыттар көңіл-пейілінің түзелуі жергілікті атқарушы биліктің талапқа табанды жұмысының жемісі деуіміз керек.

Ұлытаудағы ұмтылыс ұшқыны отандық өндірістің байырғы ошағы Жездінің тынысына дем бергелі отырғандығын айрықша атап өтпеске болмайды. Бұған жұрт қуанышы әсіресе бөлек. Кезінде ферромарганец өндіру арқылы атақ-даңқы алысқа жайылған кенттің кешегі елеусіз қалған күндері ұмытылардай. Біреулер қара тұман төндіріп болжағандай емес, жерасты қазынасы игілікке жаратуға әлі жетерлік екен. Тек соны дәлелдеп, игеруге инвестор тарту жетпепті. Былтыр бұған да қозғау жасалынды ақыры. “Сисилум Қазақстан” ЖШС кварц өңдейтін фабрика ашуды көздеп, 6 миллион доллар инвестиция салды. Қазір 80 адамның жұмысқа кірісер сәті жақын.

Ежелден төскейі төрт түліктің өсіп-өнуіне өрісті өңірде ол басты сала саналады. Үйір-үйір жылқы, отар-отар қой, табын-табын сиыр бағушылар бұл жақта аз емес. Ырысына 700 жылқы, 7 мың қой, 200 мүйізді қара біткен сарысаулық Мырзабек Ақжанов сынды фермер үзеңгілестерінің бірі амангелділік Бақытжан Әбілғазин.

– Аудан өміріндегі серпін әсері бәрімізге сезіліп келеді. Мәселен, ауыл шаруашылығы банкісінің ашылуы бір қуантса, “Альянс банк” филиалының құрылуы оны өсіре түсті. Бұрын несие алу үшін Жезқазған, Қарағанды асушы едік. Енді алысқа ұзамайтын болдық және жеңілдікпен берілуі тіптен көңілімізге жағып отыр. Аудан орталығында ірілі-ұсақты техникаларды жөндейтін цехтардың, трактор, комбайн қосалқы бөлшектерін, күрек, шелек, айыр, шалғы сататын дүкендердің ашыла бастауы біз сияқтылы жұмысбасты жандарға қолайлы-ақ болғалы тұр. Өз мәселемізді өзіміз көтермей, шешімін табуға өзіміз мұрындық болмай, “сен тимесең, мен тиме” күй кешілген кезде жағдайымызбен кім санасып жатты. Енді еленетін болды. Осы өзгеріске үмітіміз үлкен, — деді ол.

Айтылса айтылғандай, ұлытаулықтардың бойында сенімді серпіліс бар. Осыған дейінгі жылдарда облыстық рейтингі бойынша үнемі көш соңында шаң қауып жүретін ауданның алдыңғы саптағылар қатарына қосылуы соның жарқын көрінісі. Былтыр тағайындалған әкім Рысқали Әбдікеровтің бастапқы мақсаты ұмтылысты қалыпты ұластыру саналса, ол орындалғандай. Ендігі міндет соны екпіндете түсу. Түсінгенге, ертеңгіні ерте ойлағанға өмір талабы солай.

Авторы: Айқын НЕСІПБАЙ, Қарағанды облысы, Ұлытау ауданы.